



ҚАЗАҚСТАНҒА ТАРТЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР: ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҚСАТТАРҒА СӘЙКЕСТЕНДІРІЛУІ

2018 жылдың соңында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты емес мүшелігі аяқталудан бірнеше күн бұрын елдің Сыртқы істер министрінің ауыстырылды. Бұрынғы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бейбіт Атамқұловтың кәсіби дипломат Қайрат Әбдірахмановтың орнына Қазақстанның дипломатиялық қызметінің жаңа басшысы ретінде тағайындалуы күтпеген жағдай болды. Сыртқы істер министрлігін (СІМ) нәліктен қайта құру қажет екенін түсіндіріп өткен Мемлекет басшысы министрліктің саяси функцияларды жүзеге асырумен қатар, инвестициялар мен экспортты қадағалау керектігін айтты. Сыртқы саясат ішкі саясаттың жалғасы ретінде елдің дамуына ықпал етуі тиіс, сондықтан СІМ-нің экономикалық өкілеттігін нығайту неғұрлым қисынды көрінеді. Десе де, министрліктің жаңа функцияларды орындай алуы және оған тиісті құралдарының болуы басты мәселе болып табылады.

Ең алдымен, елдің қандай да бір сыртқы саяси ұстанымы ел экономикасы мен оның саясаты арасындағы қарым-қатынасты білдіретінін мойындау керек. 2010 жылдың басында Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕКЫҰ) төрағалық етуге кіріскен кезде Президент Назарбаевтың бастамасы бойынша Сыртқы істер министрлігіне жаһандық күн тәртібін іске асыру міндеті қойылды. Кейіннен Қазақстан Ислам ынтымақтастығы ұйымының (ИЫҰ) Сыртқы істер министрлері кеңесінің төрағасы болды және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды. Белсенді дипломатия аясында Қазақстан ядролық қаруды тартпау мен қарусыздану ісіне үлес қосуды жалғастырды. Сонымен қатар, осы кезеңде Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) сияқты интеграциялық бірлестік құру бойынша Ресей және Беларусь елдерімен күш біріктірді. Дегенмен, СІМ аталмыш бастаманы жүзеге асыруда маңызды рөл атқармады, себебі одақ құру саяси шешім болды, ал ЕЭО туралы келіссөздер басқа министрліктердің қызметкерлерінен құралған арнайы келіссөз топтары тарапынан жүргізілді.

Қазақстанның жаһандық мақсаттарын белсенді түрде жүзеге асыру елдің танымалдығын арттыру қажеттілігінен туындады. Мысалы, бұл елдің ЕКЫҰ-ға төрағалық етуінде басты негіздердің бірі болды. Халықаралық аренада осындай белсенді саясат ұстану елеулі қаржы шығындарын талап етеді, бірақ Қазақстанды әлемге таныту үшін қажетті шығындар ел имиджіне инвестиция ретінде қарастырылуы мүмкін. Сонымен қатар, жаһандық аренада белсенді саясат жүргізу арқылы Қазақстан «ірі» мемлекет имиджін қалыптастырып, өзіннің халықаралық мәртебесін көтеруге тырысты және мұндай тактика ел мүдделері мен қауіпсіздігін қорғау үшін қажетті деп саналды.

Дегенмен, Қазақстанның белсенді сыртқы саясаты инвестиция тартудың шешуші факторы болмады. Себебі Дүниежүзілік банктің мәліметтері бойынша, елге тікелей шетелдік инвестициялар ағынының бес жылдық орташа көрсеткіші ЖІӨ-нің тек 4,3%-ын құрады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан билігі сыртқы инвестицияларды тартуға бағытталған күш-жігерді жандандыру туралы шешім қабылдады, осылайша министрлікке PR-агенттігі мен инвесторларға қызмет көрсету орталығының функцияларын қосты. Жаңа Сыртқы істер министрі СІМ-де инвесторларға барлық қажетті қызметтерді бір жерден алуға мүмкіндік беретін фронт-кенселердің құрылатынын мәлімдеді. Сонымен қатар, СІМ қызметкерлеріне инвесторларға мемлекеттік қолдау шаралары мен ынталандырулар туралы ақпарат беру, сондай-ақ, инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға көмек көрсету міндеті қойылды.

СІМ ұзақ уақыт бойы Қазақстан елшіліктері арқылы инвестициялар тартумен айналысқанын, тіпті бұл елшіліктердің елдің іскерлік ахуалы мен инвестициялық мүмкіндіктері туралы ақпарат ұсыну үшін өздерінің веб-сайттарын бірыңғай стандартқа келтіргенін атап өткен жөн. Бұған қоса, Қазақстанның дамыған елдердегі дипломатиялық өкілдіктері әлеуетті инвесторлармен жұмыс жасау үшін басқа мемлекеттік органдардың жеткілікті білімі бар өкілдерінен жасақталды. Сондықтан бұл мамандарды СІМ-не қайта тағайындау немесе олардың функцияларын қажетті біліктілігі жоқ дипломаттарға беру инвестициялық қызметті қалай тиімдірек ететіні белгісіз. ЕКЫҰ, ИЫҰ, БҰҰ және басқа да халықаралық және аймақтық ұйымдармен байланысты саяси істерде қазақстандық дипломаттар келіссөздер жүргізуге арналған тұғырнама құрған болатын. Бұл тұғырнама аясында ел билігі келіссөздерге қол жеткізіп, Қазақстанның мәртебесін көтере алады. Дегенмен, ұлттық экономикаға көбірек инвестиция тарту үшін дипломаттар Қазақстанның экономикалық жағдайын жақсырақ түсініп қана қоймай, ел ішіндегі, әрі ел сыртындағы мүдделі тараптармен бюрократиялық жұмысты мұқият атқаруы тиіс.

Экспортты ілгерілету – ҚР СІМ-не сыртқы нарыққа ашылуға және қазақстандық өнімдердің алдында тұрған кедергілерді жоюға үлес қосу арқылы үкімет жұмысына жәрдемдесу міндеті қойылған тағы бір бағыт. Ұқсас бірлескен жұмыс тетігінің болуына және оның Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі жөніндегі келіссөздерде және ЕЭО құруда қолданылғанына қарамастан, СІМ Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы және Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге тұғырнама құруды жоспарлап отыр. Алайда, ЕЭО тәжірибесі Қазақстанның бес жыл бойы одаққа мүшелігі кезінде билік органдарының осы уақытқа дейін бұл ұйымның әлеуетін толық пайдалана алмағанын көрсетеді, себебі отандық кәсіпорындар ЕЭО-ның

басқа мүшелерінің нарықтарына қол жеткізуде әлі де қиындықтарға тап болып отыр. Сонымен қатар, ЕЭО-ға мүше мемлекеттер белгілі бір тауарлар үшін шекараны жабу шаралары сияқты сауда-саттықты шектеу шараларын бір-біріне қарсы жиі қолданады, ал бұл жарияланған экономикалық интеграция саясатының үйлесімсіздігін көрсетеді. Сонымен қатар, шетелдік инвесторлар үшін тартымды болу үшін Қазақстан өз бизнес ортасын үнемі жақсартып отыруы керек. Президент Назарбаевтың билігі кезінде үкімет Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі мен Дүниежүзілік банктің Doing Business рейтингі сияқты екі беделді халықаралық рейтингте Қазақстанның көрсеткіштерін жақсарту үшін біраз жұмыс атқарды. Қазақстан билігі бұл міндетті жүзеге асыру үшін бірқатар маңызды және жоғары сапалы реформаларды бастады. Осының нәтижесінде еліміз жақсы нәтижелерге қол жеткізіп, рейтингтердегі өз көрсеткіштерін айтарлықтай жақсартты және бұрынғы КСРО мемлекеттері арасында көшбасшылардың біріне айналғанын мойындау керек. Осылайша, 2019 жылы Doing Business рейтингінде Қазақстан сегіз орынға көтеріліп, 28-ші орынға табын тіреді. Дегенмен, бұл салада әрі қарай өсу мүмкіндіктері таусылды және шетелдік инвесторлар осыған байланысты нәтижелерге қол жеткізген тәрізді, өйткені даму үрдісі тек белгілі бір бағыттарда ғана байқалады.

Қазақстанда шешілуі қажет ететін басты мәселе – сыбайлас жемқорлық мәселесі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді іс-әрекеттер Еуропа немесе АҚШ-та үлкен айыппұлдарға ұшырау қаупіне байланысты үшінші елдерде сыбайлас жемқорлықтан бойын аулақ ұстайтын трансұлттық компаниялар үшін әсіресе маңызды. Сондықтан СІМ шетелдік инвесторларды елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті белсенді түрде жалғастыратынына және олардың инвестициялық жобаларына жемқор шенеуніктердің ықтимал қол сұғуына жол бермейтініне сендіру қажет.

Сайып келгенде, экономикалық фактор кез келген елдің сыртқы саясатының маңызды бөлігі болып табылады. Қазақстан билігінің СІМ рөлін өзгертудегі логикасы айқын, бірақ елдің сыртқы саясат қызметкерлері инвестициялар мен экспортты тиімді түрде дамытуға қабілетті емес. СІМ-нің және елшіліктердің рөлі Қазақстанның экономикалық дамуына жауапты мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру және оны жеңілдету болуы тиіс. Шетелдік инвестициялар үшін бизнес жүргізудің қолайлы шарттарын құрумен қатар, үкімет концептуалды деңгейде Қазақстанға ақша салу немесе елде сауда жүргізудің салыстырмалы артықшылықтарын тұжырымдауы тиіс. Осыған байланысты қоғамдық дипломатияның әлеуетін толық пайдалану маңызды. Сонымен қатар, ҚР СІМ тек сыртқы саясаттың экономикалық мақсаттарға сәйкестендірілуіне назар аударып қана қоймай, елдің халықаралық аренадағы саяси және қауіпсіздік бастамаларын қолдауды жалғастыруы тиіс.

Жазушы: Әсет Ордабаев,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) Қорғаныс министрлері кеңесі ресейлік Анапа қаласында қорғаныс және қауіпсіздік мәселелері бойынша көпжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Тараптар әуе қорғанысы, әуе қауіпсіздігі және ұшқышсыз әуе кемелерін пайдалану мәселесіне көңіл бөле отырып, практикалық өзара іс-қимылдың негізгі бағыттарын талқылады, 2020 жылға арналған бірлескен әскери іс-қимыл туралы келісімге келді және 2025 жылға дейін ТМД елдерінің әскери ынтымақтастығын дамыту үшін тұжырымдамалық негізді бекітті.
- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Бейбіт Атамқұлов Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) Бас хатшысы Владимир Норовпен кездесті. Кездесу барысында ШЫҰ-ның бақылаушылар миссиясының елдегі жұмысы талқыланды. Норов бастаған 25 мүшелі миссия Қазақстандағы кезектен тыс президенттік сайлауға дайындық жұмыстары мен оның өткізілуін бақылады.
- Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин бастаған Қазақстан Республикасы Парламентінің делегациясымен кездесті. Тараптар екіжақты қарым-қатынастардың қазіргі жай-күйін қарастырды және өзара көпжақты ынтымақтастықты, соның ішінде екі елдің парламенттері мен олардың тиісті комитеттері арасындағы ынтымақтастықты кеңейту жолдарын талқылады.
- Ош қаласында Қырғызстан-Өзбекстан парламентаралық ынтымақтастық комитсиясының екінші отырысы өтті. Тараптар екі елдің заңнамасын үйлестіру және екіжақты келісімдерді жүзеге асыру мониторингі мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, парламентаралық Орталық Азия елдеріне арналған бірінші визалық режимді құру мәселесін қарастырды.
- Қазақстан мен Италияның әскери-теніз күштерінің өкілдері екіжақты әскери ынтымақтастық жоспарына сәйкес Нұр-Сұлтанда кездесті. Тараптар 2019 жылдың қазан айында Венецияда өтетін 12-ші Аймақтық әскери-теніз күштері симпозиумына қазақстандық әскери-теніз күштерінің ықтимал қатысуын да қамтыған жоспар бойынша алдағы іс-шараларды талқылады.
- Бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлауына, Үндістан Қырғызстанға Үндістанда жасалған қару-жарақ пен әскери техниканы, оның ішінде жауынгерлік танктер мен жаяу жауынгерлік көлік құралдарының симуляторларын сатып алуға қолдау көрсету үшін 100 млн. доллар көлемінде несиелік ашуды жоспарлап отыр. Несие сонымен қатар кеңестік / ресейлік жер үсті платформалары мен жүйелерін жаңғыртуды, сондай-ақ өкпелінің кеудешелер мен қорғаныш қасқаларын жеткізуді қамтиды.
- Ұланбатырда «Солтүстік-Шығыс Азиядағы қауіпсіздік мәселелері бойынша Ұланбатыр диалогы» атты 6-шы халықаралық конференция өтті. Конференцияға әлемнің 14 елінен 200-ден астам мемлекеттік қызметкер мен ғалым, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты. Қатысушылар аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жолдарын, соның ішінде апаратын төмендеуі, жастардың бейбітшілікті нығайтуға жастарды жұмылдыру және энергетикалық ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Экономика, қаржы және энергия

- Мәскеуде Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) пен Африка арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге арналған конференцияға Африкалық мемлекеттердің Ресейдегі 35-тен астам елшілігінің дипломаттары, сондай-ақ, сарапшылар мен іскер топтардың өкілдері қатысты. Соңғы сегіз жылда ЕЭО-ның Африка құрлығымен сауда көлемі 2,7 есе артып, 2018 жылы 21,7 млрд. долларға жетті.
- 23-ші Санкт-Петербург халықаралық экономикалық форумына 145 елден 19 мыңнан астам адам қатысты. Солардың ішінде 570-тен астам шетелдік және 1,800-ден астам ресейлік компанияның өкілдері болды. Жоғары мәртебелі қонақтар арасында Қытай Төрағасы Си Цзиньпин және БҰҰ Бас хатшысы Антонио Гутерриш болды. «Тұрақты дамудың күн тәртібін құру» тақырыбына арналған іс-шара нәтижесінде 3,1 трлн. рубль (48 млрд. долларға жуық) көлемінде келісімдер жасалды.
- Халықаралық азық-түлік саясатын зерттеу институты Ташкентте өткен Орталық Азиядағы ауыл шаруашылығы, азық-түлік қауіпсіздігі және тамақтану мәселелері жөніндегі конференцияда 2019 жылға арналған жылдық есебін ұсынды. Есепке сәйкес, ауылдық жерлерде жұмыспен қамтуға деген өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру және азық-түлік қауіпсіздігін арттыру үшін Өзбекстан жеке секторының рөлін күшейтіп, институционалды базаны жетілдіру және аймақтық интеграция үшін мүмкіндіктерді зерттеуі қажет.
- Өзбекстанның Наманган қаласында Doing business with Namangan халықаралық инвестициялық форумы өтті. Форум нәтижесінде 320 млн. доллар көлемінде 39 құжатқа қол қойылды. Облыстың экономикалық әлеуетін, сондай-ақ тоқыма өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы саласындағы іскерлік мүмкіндіктерін танытуға арналған іс-шараға 500-ден астам адам, соның ішінде 36 елден 230 кәсіпкер қатысты.
- 2019 жылдың соңына қарай Өзбекстанның Жизак облысында былғары өңдеу, аяқ киім өндірісі және былғары өнімдері үшін үш өндірістік кешеннен тұратын өзбек-түрік кластерін ашу жоспарланып отыр. Түрік былғары өнеркәсіпшілер одағы мен Өзбекчармпоябзали Былғары және аяқ киім кәсіпорындарының қауымдастығы арасындағы инвестициялық ынтымақтастық туралы келісімге 2017 жылы Ыстамбұлда қол қойылған болатын.
- Түрікменстанның ең ежелгі тоқыма өнеркәсібі кәсіпорны Ашхабад макмата комбинатында синтепон шығаратын жаңа желі ашылады. Түрікменстанның тоқыма нысандарын салу мен қайта құру бойынша мол тәжірибесі бар елдің ұзақ мерзімді әріптесі Norsel International İnşaat Diş Ticaret Sanayi түрік компаниясы жаңа өндірісті іске қосады.
- Қазақстанның Қашаған кен орнындағы мұнай өндіру тәулігіне 400 мың баррельді құрады. Бұл 2016 жылы кен орны пайдалануға берілгеннен бері ең үлкен көрсеткіш болып табылады. Мұнай өндіру көлемінің артуы мұнай кен орнында техникалық қызмет көрсету аяқталғаннан кейін қол жеткізілді. Бұрын Қашағанда күнделікті мұнай өндіру шамамен 330 мың баррельден 340 мың баррельге дейін болды.

Қоғам және мәдениет

- БҰҰ Бас ассамблеясы, Оңтүстік Осетия мен Абхазиядан көшкен Грузиндердің үйіне оралу құқығын қайта қарап міндетті емес шешім қабылдады. Бұл шешімге 79 мемлекет қолдау көрсетсе, 15 мемлекет қарсы тұрып, 57 мемлекет қалыс қалды. БҰҰ органы 2008 жылдан бері Грузия тарапынан ұсынылған ұқсас шешімдерді қабылдап келеді.
- Ашхабадта «Орталық Азияның орнықты дамуын қамтамасыз етудегі су дипломатиясының рөлі» атты халықаралық конференция өтті. Іс-шараға Орталық Азиядағы су ресурстарын ұтымды пайдалану мәселелерін талқылау үшін аймақ елдерінің қоршаған ортаны қорғау және су ресурстарын басқару органдары мен сарапшылары, БҰҰ және басқа да халықаралық және аймақтық ұйымдардың өкілдері қатысты.
- Қазақстан Ішкі істер министрлігінің тергеуі бойынша, 2018 жылдың желтоқсан айында Орал өзеніндегі балықтардың жаппай қырылуына «Атырау жылу орталығы» АҚ сорғы стансасының көп мөлшерде хлоридті су шығаруы себеп болғаны анықталды. Ластану салдарынан Орал өзенінен 108 тонна бекіремен қоса жалпы 118 тонна өлі балық алынды.
- Қырғызстан үкіметі геологиялық барлау және уранды игеру үшін белгіленген учаскелердегі қызметтерге тыйым салу туралы жарлық шығарды. Тау-кен өндірісіне қарсы жаппай наразылық акциясына жауап ретінде уранға салынған тыйым мәселені заң шығарушы орган реттемейінше күшіне қалады. Бұл тыйым уран қалдықтары қалпына келтіруге байланысты қызметке қолданылмайды.
- Жергілікті жастар арасында туылған жанжалдан кейін, Қырғызстанның Орок ауылындағы қырғыз тұрғындары Ахысқа түріктерінің шамамен 15 үйін өртеп, терезелерін сындырды. Полиция жанжалды таратып, 32 адамды ұстады, ал Қырғызстан Ішкі істер министрлігі қақтығыстың этникалық сипатын жоққа шығарды.
- Өзбекбайжан Тіл университетінің Конфуций институты мен Саяси психология орталығы аталмыш орталық шеңберінде Қытай тілі мен мәдениеті орталығын құру туралы келісімге қол қойды. Тіл үйретуді негіз ететін орталық Өзбекбайжан мен Қытай арасындағы екіжақты гуманитарлық қарым-қатынастарды одан әрі кеңейтуді көздейді.
- Өзбекстанның үкіметі мен ресейлік ең ірі әуежайы дамыту компаниясы саналатын «Новопорт Холдинг» Самарканд, Наманган және Үргеніш әуежайларын жаңғырту жобасы туралы келісімге қол қойды. Ресей компаниясы үш әуежайдың инфрақұрылымын дамытумен қатар, олардың операциялық және қаржылық тиімділігін күшейтіп, осылайша әуе компанияларына және жолаушыларға тартымдылығын арттырады.